

**ISSN(PRINT) 2959-5649**

**ISSN(ONLINE) 2959-5657**

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті**

**Казахский национальный педагогический университет имени Абая**

**Abai Kazakh National Pedagogical University**

# **ХАБАРШЫ ВЕСТНИК**

**«Филология ғылымдары» сериясы**

**Серия «Филологические науки»**

**Series "Philological Sciences"**

**№ 3 (93), 2025**

**Алматы**

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті**

**Казахский национальный педагогический университет имени Абая**

**Abai Kazakh National Pedagogical University**

# **ХАБАРШЫ**

# **ВЕСТНИК**

**«Филология ғылымдары» сериясы**  
**Серия «Филологические науки»**  
**Series "Philological Sciences"**  
**№ 3 (93), 2025**

**Алматы**

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

**ХАБАРШЫ**  
«Филология ғылымдары» сериясы  
№3(93), 2025 ж.

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.  
2000 ж. бастап шығады.

**Бас редактор:**  
филол.г.д., проф. Абишева С.Д.

**Бас редактордың орынбасары:**  
филол. г. д., проф. Есенова К.У.

**Ғылыми редактор:**  
PhD, қауымд. проф. м.а. Сабинова Д.А.

**Редакциялық алқа:**  
филол. г. к., қауымд. проф. Жиренов С.А.  
филол. г. к., қауымд. проф. Сатемирова Д.А.  
филол.г.д., проф., Әл-Фараби ат. ҚазҰУ  
Джолдасбекова Б.У.

пед.г.д., проф., әл-Фараби ат. ҚазҰУ  
Салханова Ж.Х.

филол.г.д., проф., ҚазҰҚызПУ  
Кнынова Ж.К.

PhD, қауымд. проф. м.а., Т.Жүргенов ат.  
Қазақ ұлттық өнер академиясы  
Жалалова А.М.

филол.г.д., доцент, Таулы Алтай  
мемлекеттік университеті

Алексеев П.В. (Ресей)  
филол. г.д., проф., Ресей халықтар  
достығы университеті

Бахтикереева У.М. (Ресей)  
филол.г.д., проф., Варминь-Мазур  
университеті Киклевич А.К. (Польша)

PhD, проф., Джордж Вашингтон  
университеті Роллберг П. (АҚШ)

PhD, проф., Орталық Ланкашир  
университеті Табачникова О.М.  
(Ұлыбритания)

**Жауапты хатшы:**  
PhD, қауымд. проф. м.а. Серикова С.К.

**Техникалық хатшы:**  
филол.г.к., қауымд. проф. Османова З.Ж.

© Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2025

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген №10109-Ж

Басуға 28.09.2025 қол қойылды.  
Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 16.75 е.б.т.  
Тапсырыс 454.

050010, Алматы қаласы,  
Достық даңғылы, 13.  
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Ұлағат» баспасы

**МАЗМҰНЫ**  
**СОДЕРЖАНИЕ**  
**CONTENT**

**ТІЛ БІЛІМІ**  
**ЛИНГВИСТИКА**  
**LINGUISTICS**

Алламуратова А.Ж., Алламуратова Г.Ж., Таджибаева Д.М. Лингвоидеологический анализ оппозиции «воин – солдат» в мире «Атаки титанов» Хадзимэ Исаямэ..... 5

Алламуратова А.Ж., Алламуратова Г.Ж., Таджибаева Д.М. Хадзимэ Исаяманың «Титандарға шабуыл» әлеміндегі «жауынгер – сарбаз» оппозициясының лингвоидеологиялық талдауы  
Allamuratova A.Zh., Allamuratova G.Zh., Tadjibayeva D.M. Linguo-ideological analysis of the “warrior – soldier” opposition in the world of Attack on Titan by Hajime Isayama

Ashimova M.G., Shukenai G.T., Chaltikenova L.A. Intertext in contemporary conversations: forms and functions..... 13

Ашимова М.Г., Шүкенай Г.Т., Чалтикенова Л.А. Қазіргі әңгімелердегі интертекст: формалары мен функциялары  
Ашимова М.Г., Шүкенай Г.Т., Чалтикенова Л.А. Интертекст в современных разговорах: формы и функции

Канафина З.Т. Эргонимы в спортивной сфере Казахстана: национально-культурные особенности и динамика номинации..... 21

Канафина З.Т. Қазақстандағы спорт саласындағы эргонимдер: ұлттық-мәдени ерекшеліктері және номинация динамикасы  
Kanafina Z.T. Ergonyms in the sports sphere of Kazakhstan: national-cultural features and dynamics of nomination

Kiklewicz A.K. Criteria of artistry..... 29  
Киклевич А.К. Көркемдік критерийлері  
Киклевич А.К. Критерии художественности

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

ВЕСТНИК  
Серия «Филологические науки»  
№3(93), 2025 г.

Периодичность – 4 номера в год.  
Выходит с 2000 года.

Главный редактор  
д.филол.н., проф. Абишева С.Д.

Зам. гл. редактора  
д.филол.н., проф. Есенова К.У.

Научный редактор  
PhD, и.о.ассоц.проф. Сабирова Д.А.

Редакционная коллегия:  
к.филол.н., ассоц. проф. Жиренов С.А.  
к.филол.н., ассоц. проф. Сатемирова Д.А.  
д.филол.н., проф.,  
КазНУ имени Аль-Фараби Джолдасбекова Б.У.  
д.пед.н., проф., КазНУ имени Аль-Фараби  
Салханова Ж.Х.

д.филол.н., проф., КазНацЖенПУ  
Кнынова Ж.К.

PhD, и.о.ассоц.проф. КазНАИ имени  
Т.Жургенова Жалалова А.М.

д.фил.н., доцент, Горно-Алтайский  
государственный университет

Алексеев П.В. (Россия)

д.филол.н., проф., РУДН

Бахтикереева У.М. (Россия)

д.филол.н., проф., Варминьско-Мазурский  
университет Киклевич А.К. (Польша)

PhD, проф., Университет Джорджа  
Вашингтона Роллберг П. (США)

PhD, проф., Университет Центрального  
Ланкашира Табачникова О.М.

(Великобритания)

Ответственный секретарь:

PhD, и.о.ассоц.проф. Серикова С.К.

Технический секретарь:

к.филол.н., ассоц. проф. Османова З.Ж.

© Казахский национальный педагогический  
университет им. Абая, 2025

Зарегистрировано  
в Министерстве культуры и информации РК  
8 мая 2009 г. №10109-Ж

Подписано в печать 28.09.2025.  
Формат 60x84 1/8. Объем 16.75 уч-изд.л.  
Заказ 454.

050010, г. Алматы,  
пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат»  
Казахского национального  
педагогического  
университета имени Абая

Пашан Д.М., Жұманқызы А., Батырбекова К.А.  
Қазақ есімдерінің тарихи және заманауи қолданысы:  
элеуметтік-мәдени факторлар және статистикалық  
өзгерістер..... 36  
Пашан Д.М., Жұманқызы А., Батырбекова К.А.  
Историческое и современное использование казахских  
имён: социокультурные факторы и статистические  
изменения  
Pashan D.M., Zhumankyzy A., Batyrbekova K.A.  
Historical and modern use of Kazakh names: socio-cultural  
factors and statistical changes

## ӘДЕБИЕТТАНУ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ LITERARY STUDIES

Адибаева Ш.Т., Абуова Б.П. Символика юрты в  
сборнике «Казахстанские сказки» Ю.Серебрянского:  
апробация методики социального чтения..... 49

Адибаева Ш.Т., Абуова Б.П. Ю.Серебрянскийдің  
«Қазақстан ертегілері» жинағындағы киіз үй  
символикасы: элеуметтік оқылым әдістемесін  
апробациялау

Adibayeva Sh.T., Abuova B.P. The symbolism of the yurt  
in Y.Serebriansky's "Kazakh Fairy Tales": testing the  
methodology of social reading

Alekseev P.V. The image of the Kazakh steppe in Annette  
Meakin's "A Ribbon of Iron" (1901)..... 56

Алексеев П.В. Аннетт Микиннің «A Ribbon of Iron»  
(1901) еңбегіндегі қазақ даласының бейнесі

Алексеев П.В. Образ казахской степи в травелог  
Аннетт Микин «A Ribbon of Iron» (1901)

Андасова М.М. Метаморфозы миров в «Кодзики  
(Записи о деяниях древности)»..... 65

Андасова М.М. «Кожики» («Ежелгі заманның істері  
туралы жазбалар») шығармасындағы элемдердің  
метаморфоздары

Andassova M.M. Metamorphoses of worlds in "Kojiki"  
(Records of Ancient Matters)

Valieva Z.R. Russian-language literature progress in  
Kazakhstan..... 74

Валиева З.Р. Қазақстанда орыс тіліндегі әдебиеттінің  
дамуы

Валиева З.Р. Развитие русскоязычной литературы в  
Казахстане

Abai Kazakh National  
Pedagogical University

BULLETIN  
Series "Philological Sciences"  
No. 3(93), 2025.

Periodicity - 4 issues per year.  
Published since 2000.

Editor-in-chief

Doctor of Philological Sciences, Professor  
Abisheva S.

Deputy Editor-in-chief

Doctor of Philological Sciences, Professor  
Essenova K.

Scientific Editor

PhD, Associate Professor Sabirova D.

Editorial board

Candidate of Philological Sciences,  
Associate Prof. Zhirenov S.

Candidate of Philological Sciences,  
Associate Prof. Satemirova D.

Doctor of Philological Sciences, Prof.,  
Al-Farabi Kazakh National University

Dzholdasbekova B.

Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.,  
Al-Farabi Kazakh National University

Salkhanova Zh.

Doctor of Philological Sciences, Prof.,  
Kazakh National Women's Teacher Training  
University Kiyнова Zh.

PhD, Associate Prof., T. Zhurgenov Kazakh  
National Academy of Arts Zhalalova A.

Doctor of Philological Sciences, Prof., RUDN  
Bakhtikireeva U. (Russia)

Doctor of Philological Sciences, Associate Prof.,  
Gorno-Altaysk State University

Alekseyev P. (Russia)

Doctor of Philological Sciences,  
Prof., University of Warmia and Mazury

Kiklewicz A. (Poland)

PhD, Prof., George Washington  
University Rollberg P. (USA)

PhD, Prof., University of Central Lancashire  
Tabachnikova O. (The United Kingdom)

Executive Secretary

PhD, Associate professor Serikova S.

Technical Secretary

Candidate of Philological Sciences,  
Associate professor Osmanova Z.

©Abai Kazakh National Pedagogical  
University, 2025

Registered in the Ministry of Culture and  
Information of the Republic of Kazakhstan  
8 May 2009 No10109-Zh/Ж

Signed in print 28.09.2025.  
Format 60x84 1/8. Volume 16.75  
teaching and publishing lists. Order 454.

050010, Almaty, Dostyk avenue 13,  
Abai KazNPU

Publishing House "Ulagat" of the Abai Kazakh  
National Pedagogical University

**Варга П.** Рудольф Штейнер и его учение в русской культуре рубежа XIX-XX веков: хроника становления антропософского общества в дореволюционной России.. 86

**Варга П.** Рудольф Штейнер және оның XIX-XX ғасырлар тоғысындағы орыс мәдениетіндегі ілімі: революцияға дейінгі Ресейдегі антропософиялық қоғамның қалыптасу шежіресі

**Varga P.** Rudolf Steiner and his teachings in Russian culture at the turn of the 19<sup>th</sup>-20<sup>th</sup> centuries: a chronicle of the formation of the anthroposophical society in pre-revolutionary Russia

**Қадыр Ә.** Абай Құнанбаев және Тейіпжан Әлиев..... 97

**Қадыр Ә.** Абай Құнанбаев и Тейіпжан Алиев

**Kadyr A.** Abai Kunanbayev and Teipzhan Aliyev

**Сабирова Д.А., Бай С.** Концептуальные основы изучения образа Казахстана..... 104

**Сабирова Д.А., Бай С.** Қазақстан бейнесін зерттеудің концептуалдық негіздері

**Sabirova D.A., Bai X.** Conceptual foundations for studying the image of Kazakhstan

**Сисенбай А.Ж., Кушкимбаева А.С., Абдрахманова Ж.М.** Диалог формаларының көркем дискурстағы функционалдық рөлі..... 113

**Сисенбай А.Ж., Кушкимбаева А.С., Абдрахманова Ж.М.** Функциональная роль форм диалога в художественном дискурсе

**Sisenbay A.Zh., Kushkimbayeva A.S., Abdrakhmanova Zh.M.** The functional role of dialogue forms in literature discourse

## ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ PROBLEMS OF PEDAGOGY AND METHODOLOGY

**Атембаева Г.А., Есетова А.Т., Бекбаева Д.Р.** Интеграция современных цифровых технологий в системе языкового образования..... 121




**Атембаева Г.А., Есетова А.Т., Бекбаева Д.Р.** Тілді білім беру жүйесіндегі қазіргі цифрлық технологияларды интеграциялау

**Atembayeva G.A., Yesetova A.T., Bekbayeva D.R.** Integration of modern digital technologies in the system of language education

**Біздің авторлар**..... 129

**Наши авторы**..... 131

**Our authors**..... 133




\*Сисенбай А.Ж.<sup>1</sup> , Кушкимбаева А.С.<sup>2</sup> , Абдрахманова Ж.М.<sup>3</sup>   
<sup>1,2,3</sup>Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті  
Атырау, Қазақстан  
\*e-mail: [aray.zhailau@gmail.com](mailto:aray.zhailau@gmail.com)  
e-mail: [alitok@mail.ru](mailto:alitok@mail.ru)  
e-mail: [Azhm63@mail.ru](mailto:Azhm63@mail.ru)

## ДИАЛОГ ФОРМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМ ДИСКУРСТАҒЫ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ РӨЛІ

### Аңдатпа

Мақалада көркем дискурстағы диалог формаларының функционалдық рөлі кешенді түрде зерттеледі. Мақсат – әдеби шығармада қолданылған диалогтік құрылымдардың көпқырлы қызметін анықтап, олардың мәтін ішіндегі мәндік, психологиялық және коммуникативтік жүктемесін талдау. Теориялық негіз ретінде көркем дискурс, диалогизм және стилистикалық тәсілдерге қатысты отандық және шетелдік зерттеулер алынған. Материал ретінде Ш.Мұртазаның «Қызыл жебе» және С.Елубайдың «Ақ боз үй» романдарындағы кейіпкерлік диалогтер таңдалып, лингвопоэтикалық, семантикалық және дискурстық әдістер ұштастырылып қолданылды. Зерттеу нәтижесінде диалогтің үш негізгі функциясы – коммуникативтік, психологиялық және мағынатузуші қызметтері нақты мысалдармен дәлелденді. Диалог көркем мәтінде оқырманға әсер ететін, кейіпкердің ішкі болмысын ашатын, астарлы идеяны жеткізетін басты құрал екені анықталды. Бұл зерттеу қазақ прозасын диалогтік тұрғыдан танудың ғылыми негізін кеңейтуге үлес қосады.

**Түйін сөздер:** диалог формалары, көркем дискурс, коммуникативтік функция, психологиялық функция, мағына қалыптастырушы функция, қазақ прозасы, диалогизм

\*Сисенбай А.Ж.<sup>1</sup> , Кушкимбаева А.С.<sup>2</sup> , Абдрахманова Ж.М.<sup>3</sup>   
<sup>1,2,3</sup>Атырауский университет имени Х. Досмұхамедова  
Атырау, Казахстан  
\*e-mail: [aray.zhailau@gmail.com](mailto:aray.zhailau@gmail.com)  
e-mail: [alitok@mail.ru](mailto:alitok@mail.ru)  
e-mail: [Azhm63@mail.ru](mailto:Azhm63@mail.ru)




## ФУНКЦИОНАЛЬНАЯ РОЛЬ ФОРМ ДИАЛОГА В ХУДОЖЕСТВЕННОМ ДИСКУРСЕ

### Аннотация

В статье всесторонне рассматривается функциональная роль форм диалога в художественном дискурсе. Цель исследования – определить многоаспектные функции диалогических структур в литературном тексте, проанализировать их смысловую, психологическую и коммуникативную нагрузку. Теоретической базой послужили труды отечественных и зарубежных ученых в области дискурса, диалогизма и стилистики. В качестве материала были отобраны диалоги персонажей из романов Ш. Муртазы «Красный скакун» и С. Елубая «Белый шатер». Анализ проводился с использованием лингвопоэтического, семантического и дискурсивного подходов. В результате исследования выявлены три основные функции диалога – коммуникативная, психологическая и смыслообразующая. Установлено, что диалог в художественном тексте является важным средством раскрытия характера, выражения эмоционального состояния и передачи

подтекста. Работа вносит вклад в развитие научной базы анализа казахской прозы с точки зрения диалогической поэтики

**Ключевые слова:** формы диалога, художественный дискурс, коммуникативная функция, психологическая функция, смыслообразующая функция, казахская проза, диалогизм

\*Sisenbay A.Zh.<sup>1</sup> , Kushkimbayeva A.S.<sup>2</sup> , Abdrakhmanova Zh.M.<sup>3</sup>   
<sup>1,2,3</sup>H. Dosmukhamedov Atyrau University  
Atyrau, Kazakhstan  
\*e-mail: [aray.zhailau@gmail.com](mailto:aray.zhailau@gmail.com)  
e-mail: [alitok@mail.ru](mailto:alitok@mail.ru)  
e-mail: [Azhm63@mail.ru](mailto:Azhm63@mail.ru)

## THE FUNCTIONAL ROLE OF DIALOGUE FORMS IN LITERARY DISCOURSE

### Abstract

This article provides a comprehensive analysis of the functional role of dialogue forms in literary discourse. The aim of the research is to identify the multifaceted functions of dialogic structures in fiction and to examine their semantic, psychological, and communicative dimensions. The theoretical foundation is based on both Kazakhstani and international studies in the fields of discourse, dialogism, and stylistics. The study uses character dialogues from Sh. Murtaza's *Red Falcon* and S. Yelubai's *White Yurt* as primary material. A combined methodological approach incorporating linguopoetic, semantic, and discursive analysis was applied. The findings reveal three core functions of dialogue: communicative, psychological, and meaning generating. The study demonstrates that dialogue plays a key role in shaping characters, conveying emotional depth, and embedding subtext. Overall, the research contributes to the further development of Kazakh prose analysis within the framework of dialogic poetics.

**Keywords:** dialogue forms, literary discourse, communicative function, psychological function, meaning-forming function, Kazakh prose, dialogism

**Кіріспе.** Диалог термині әдетте екі не одан да көп адамның кезектесіп сөйлесуі арқылы жүзеге асатын қарым-қатынас түрін білдіреді. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде диалог «екі немесе бірнеше адам арасындағы әңгіме» деп анықталған [1]. Ожегов сөздігінде де диалог «екі адамның арасындағы сөз алмасу» ретінде сипатталады [2]. Ал ағылшын тіліндегі Oxford Dictionary оны «*conversation between two or more people*» - екі немесе одан да көп адам арасындағы сөйлесу деп түсіндіреді [3]. Яғни негізгі анықтамаға сәйкес диалог - қарым-қатынас жасаушылардың өзара репликалар алмасуы арқылы іске асатын сөйлесім формасы. Бұл диалогтың лингвистикалық қырындағы басты ерекшелігі: хабар алмасу, сұрақ-жауап, пікір білдіру секілді коммуникациялық мақсаттағы сөйлесу. Жалпы тіл білімінде диалог ең алдымен коммуникацияның негізгі формасы, тілдесімнің динамикалық құрылымы ретінде қарастырылады. Күнделікті өмірдегі диалогтың қызметі – ақпарат жеткізу, сұхбаттасу, әлеуметтік байланысты орнату тәрізді қатысымдық функциямен шектеледі. Ал көркем әдебиеттегі диалог – бұдан әлдеқайда күрделі құбылыс. Көркем дискурста диалог тек ақпарат алмасу құралы ғана емес, эстетикалық жүкті арқалап, шығарма құрылымын түзуге, оқиғаны дамытуға кейіпкер бейнесін ашуға, шығарманың идеясын айқындауға қызмет етеді. Ғалымдар көркем мәтіндегі диалогті көпфункционалды құбылыс деп есептейді. Мысалы, Г.Г. Хисамова Шукшин әңгімелеріндегі диалогтерді талдай келе, олардың эстетикалық табиғатын атап көрсетеді және диалогтерді талдай келе, олардың эстетикалық табиғатын атап көрсетеді және диалогтерді негізгі мәтінқұраушы (сюжеттік) қызметін, мінез-қалыпты ашатын қызметін, әрі бағалаушылық қызметін бөледі [4]. Демек, көркем шығармалардағы диалог формалары тек тілдік қарым-қатынас құралы болып қалмай,

автордың идеялық мақсатына, кейіпкер психологиясын ашуға, оқырманға эмоционалды әсер етуге жұмылдырылатын көркемдік тәсілге айналады.

Қазақ прозасындағы диалогтік формалар кең қолданылғанмен, олардың функционалдық рөлдері жүйелі түрде арнайы зерттеу нысаны бола қойған жоқ. Диалог кейіпкерлердің тілі ретінде әр шығармада кездеседі, бірау сол диалогтердің шығарма мазмұнына қосатын мағыналық жүгі, сюжет дамуына ықпалы, кейіпкер болмысын ашудағы рөлі толыққанды талданып, жіктелген емес. Бұл – қазіргі қазақ филологиясындағы өзекті ғылыми мәселе. Диалог формаларының семантикалық, коммуникативтік және психологиялық қырларын кешенді сипаттау қажеттігі туындап отыр. М.М.Бахтиннің диалогизм теориясы диалогтың адам болмысын, танымын қалыптастырудағы маңызын көрсеткені белгілі. Бахтин бойынша «бір ғана дауыс ештеңені шешпейді, екі дауыс – өмірдің ең төменгі қажетті минимумы» тек өзге дауысқа үн қату, диалогқа түсу барысында ғана ақиқат мән туады [5]. Ғалымның «тек қарым-қатынаста, адам мен адамның өзара әрекеттесуінде ғана адам ішіндегі адам ашылады» деген тұжырымдары диалогтың өмір сүрудегі онтологиялық маңызына назар аудартады. Алайда әдеби шығармалардағы диалогтың нақты көркемдік-функционалдық рөлін талдап көрсету – жеке зерттеуді талап ететін маңызды мәселе.

**Әдістер мен материалдар.** Диалог формаларының функционалдық қырларын талдау үшін ХХ ғасыр қазақ прозасының таңдаулы үлгілері ретінде «Қызыл жебе» романы және «Ақ боз үй» романы таңдап алынды. Бұл екі шығармада диалогтік көріністер айрықша орын алады және мазмұндық тұрғыда бір-бірінен айырмашылығы бар: «Қызыл жебе» тарихи-революциялық кезеңдегі кейіпкерлер диалогін қамтыса, «Ақ боз үй» 1930-жылдардағы ашаршылық кезеңінің әлеуметтік-тұрмыстық диалогтарын береді. Екі романдағы диалогтерді салыстыра талдау олардың ортақ заңдылықтары мен өзіндік ерекшеліктерін ашуға мүмкіндік береді. Зерттеу үшін әр романдан сюжеттік маңызы бар, кейіпкер мінезін ашатын, не идеялық жүк көтеретін 15-20 диалогтық үзінді іріктелді. Жұмыста кешенді талдау әдістемесі қолданылды: **Лингвистикалық-поэтикалық талдау:** Диалог сөздерінің тілдік құрылысы, сөйлемдердің синтаксистік ерекшеліктері, авторлық ремаркалар мен кейіпкер репликаларының стильдік бояуы талданды. Мысалы, кейіпкерлер тіліндегі эмоциялық-экспрессивтік бояу, диалогке тән интонация, кідірістер мен риторикалық сұрақтар сынды тілдік тәсілдер қарастырылды. **Дискурс талдау:** Диалогтің кең мәтіндік контексте атқаратын қызметі зерделенді. Әр диалогтық эпизодтың шығарма сюжетіндегі орны, оқырманға әсері, авторлық идеяны жеткізудегі рөлі талқыланды. Диалогтік жағдаяттың әлеуметтік, мәдени контексті де ескерілді. **Семантикалық талдау:** Диалог мазмұнындағы имплицитті мәндер, астарлы ойлар, символдық жүк сараланды. Кейіпкерлер айтқан сөздердің тура мағынасы мен қосымша мағыналары (астар, ирония, аллегория) ажыратылып, олардың шығарманың жалпы мағыналық құрылымына қосқан үлесі анықталды. **Зерттеу кезеңдері.** Бірінші кезеңде тандалған шығармалар мәтінінен диалогтер бөлек таңбаланып алынды. Әр диалогтік үзінді мазмұнына қарай алдын ала жіктелді: ақпарат алмасу, оқиганы дамытуға арналған **коммуникативтік диалогтер**; кейіпкерлердің сезімін, мінезін, өзара қарым-қатынасын ашатын **психологиялық диалогтер**; астарлы ой, философиялық түйін, немесе шығарманың негізгі идеясын білдіруге қатысатын **мағына қалыптастырушы диалогтер**. Екінші кезеңде әр топтағы диалогтерге тереңдетілген талдау жасалды: мәтіннен тыс прагматикалық жағдайы, кейіпкерлердің коммуникативтік ниеттері, эмоционалдық реңкі, сондай-ақ диалогтің алдында және соңында берілген автор суреттеулері ескерілді. Үшінші кезеңде жеке талдаулардың нәтижелері синтезделіп, жалпы қорытындылар шығару үшін салыстырылды. Екі шығарма бойынша диалогтердің функционалдық ұқсастықтары мен айырмашылықтары белгіленді.

**Нәтижелер мен талқылау.** Зерттеу барысында қазақ прозасындағы диалог формаларының үш басты функциясы айқындалды: коммуникативтік функция, психологиялық функция, мағына қалыптастырушы функция. Төменде әр функцияның мәні және әр шығармадан алынған мысалдар арқылы олардың көрініс табу ерекшеліктері баяндалады.

**1. Коммуникативтік (қатысымдық) функция.** Бұл – диалогтің ең негізгі, базалық қызметі. Әңгімелесуші тұлғалар ақпарат алмасу, бір нәрсені сұрау немесе хабарлау, әрекетке итермелеу мақсатында диалогке түседі. Көркем шығармада коммуникативтік функциядағы диалогтер оқырманға маңызды мәліметтер береді, оқиғаның өрбуіне ықпал жасайды, кейде экспозициялық ақпаратты да диалог арқылы береді. Мысалы, «**Ақ боз үй**» романында екі жастың (Ждақай мен Шеге) әңгімесі коммуникативтік мақсатта өрбиді: Ждақай досына ауылдағы жас келіншек Балқия жөнінде құпия хабар айтады, екеуі соны талқылап, әрекет етуге уағдаласады. «– *Қасқа бала, ешкімге айтпа, бүгін бір қызық көрсетем саған!*» – дейді сыбырлап Ждақай. Мұнда бір кейіпкер екіншісіне ақпарат жеткізу (қызық көрсетпекші екенін айту) арқылы диалогті бастады; әрі қарай ол Шегеге болған оқиғаны бүге-шігесіне дейін әңгімелеп береді, яғни диалог **әңгімелеу** формасына ауысып, коммуникация міндетін атқарады. Бұл диалогтік эпизодтан романдағы біраз кейіпкердің өзара қатынасы жөнінде мәлімет аламыз: Балқия – байдың жас тоқалы, ал Бұлыш – аңшы жігіт, екеуінің арасындағы құпия кездесуді Ждақай аңдып жүргенін диалог арқылы білеміз. Осылайша, диалог кейіпкерлер әлеміне қатысты тың ақпараттарды табиғи түрде енгізудің тиімді құралы болған. «**Қызыл жебе**» романында да коммуникативтік мәні басым диалогтер көп. Мысал ретінде жоғарыда айтылған түрме көрінісіне қайта оралсақ, Приходько мен Бронников арасындағы алғашқы сұхбат – ең алдымен ақпарат алмасу, жағдай білуге арналған. «– *Қандай тілегіңіз бар?*» – дейді түрме бастығы кейінгі репликада. Бұл – ресми сұрақ, яғни диалогтің тікелей коммуникативтік мақсаты (тұтқынның қалауын сұрау) көрінеді. Бронников та тікелей тілегін білдіреді: «– *Тілегім, шырағдан бергізсеңіз екен*», яғни камераға жарық (шырақ) беруін өтінеді. Осы өтініш пен оның артынан өрбитін диалогтер (шырақ неге керек, кітап оқу туралы сөз) оқиға желісіне қозғалыс береді – Приходьконың күдігі оянып, Бронниковты тексеруі, ақыры диалог арқылы тұтқынның діни кітап оқып жүргені анықталады. Сол арқылы автор оқырманға астыртын мағлұмат жеткізеді: Бронниковтың қулығы мен Приходьконың діни фанатизмі де осы коммуникативтік диалог барысында ашылады. Қорыта айтқанда, **коммуникативтік функция** көркем диалогтің ақпарат беру, оқиғаны ілгерілету, кейіпкерлерді әрекетке ынталандыру қызметтерінен танылады. Бұл функциядағы диалогтер оқырманды сюжетпен байланыстырып, кейіпкерлердің не айтқысы келетініне тікелей қатысымдық құрал ретінде көрінеді.

**2. Психологиялық функция.** Көркем диалогтің келесі маңызды қыры – кейіпкердің мінез-құлқын, ішкі сезім дүниесін, қарым-қатынасындағы шиеленістерді ашу. Диалог арқылы автор кейіпкерлер психологиясын жанама түрде көрсетеді: дауыс ырғағы, сөз таңдау, жауап беру тәсілі – осылардың бәрі кейіпкердің көңіл күйі мен характерін аңғартады. «**Қызыл жебе**» романындағы түрме эпизодында диалогтің психологиялық рөлі айқын байқалады. Приходько мен Бронниковтың сөйлесуі – екі түрлі ниеттегі, екі түрлі әлеуметтік тап өкілдерінің жүздесу сәті. Приходько әдейі араздық тудырмақ болса, Бронников сабыр сақтап, қарсыласының психологиясын өз пайдаланады. Мәселен, діни кітап туралы диалогті алайық: «– *Бұл жөйт дінінің кітабы зой... Сіз зой ақ патшаға қарсысыз. Сөйте тұра діни кітап оқисыз, жұмбақ*» – деп таңданады Приходько. Мұнда ол тұтқынның дүниетанымын түсінбей тұр: патша билігіне қарсы шыққан революционердің Інжіл оқуын психологиялық қайшылық деп санайды. Бронниковтың жауабы оның ішкі есебін аңғартады: «– *А, мен мүмкін, бұл кітапты дұрыстап тағы оқып шықсам, қатемді түсінермін*» – дейді момақансып. Шын мәнінде Бронниковтың бұл сөзі – алдарқату, Приходьконың көңілін жайлап, қалағанын (шырақ) алу үшін айтылған қулық. Диалогтің осы үзіндісінде жасырын психологиялық күрес жүріп жатыр: бірі – астыртын мысқылдап, қарсыласын өз тілінде сендіріп отыр, екіншісі – initially абдырап қалғанымен, тұтқынның дінге бет бұрғанына кәдімгідей иланып қалады («*Мүмкін, мүмкін*» деп, шырақ беруге келіседі). Демек, диалог тек сыртқы ақпарат алмасу емес, кейіпкер психологиясын ашатын айна іспетті. «**Ақ боз үй**» романында да диалогтер кейіпкерлердің жан дүниесін көрсетуде орасан рөл атқарады. Мәселен, ағайынды Пахраддин мен Әзбергеннің қақтығысы – психологиялық шиеленісті

диалогтің көрнекі мысалы. Ашаршылық кезінде жұрттан бөлек көшпей қалып қойған бай ағасына ашулы Әзберген бір түнде эмоциясын жарылысша шығарады: «– Сенсің... Сен кінәлісің! Баяғыда-ақ көшу керек еді! ... Енді міне!..» – деп ағасына дүрсе қоя береді. Осы үздік-создық шыққан сөздерден-ақ інісінің ашу-ызаға булығып, өз қателігін мойындағысы келмей, бар кінәні ағасына артып тұрғаны көрінеді. Әзбергеннің диалогтегі әр үні (дауыс көтеруі, сөзінің аяқталмай үзілуі) – оның ішкі күйзелісінің, дәрменсіз ашуының көрсеткіші. Ал Пахраддин жағы диалог барысында жақ ашпайды (автор сөзіне қарағанда, ауыр күрсініп қана қояды), бұл да оның характерін – сабырлылығын, не айтуға дағдарған шарасыз күйін аңғартады. Осылай диалог репликаларының мазмұны ғана емес, **формасы** (интонация, пауза, үн қатпау) да психологиялық әсер туғызады. Сонымен, **психологиялық функциясы** бар диалогтер көркем шығармада мінез даралаудың құралына айналады. Кейіпкердің айтқан сөзі мен айту мәнері арқылы оның ниеті, эмоциясы, қарым-қатынас сипаты оқырманға сезіліп, астарлы түрде ашылады. Бахтин айтқан «диалогтағы адамның жан-дүниесі сыртқа ашылады» деген қағида дәл осындай көркем диалогтерде өз дәлелін табады.

**3. Мағына қалыптастырушы (семантикалық) функция.** Көркем дискурста диалог кейде тікелей сюжеттік міндеттен асып, шығарманың тұспалды идеясын, көпқабатты мағынасын түзуге қатысады. Мұндай диалогтерді шартты түрде мағына немесе *смысл* қалыптастырушы деп атауға болады. Олар көбіне кейіпкерлер арасындағы пікірталас, философиялық диалог, немесе оқырманға ой тастайтын астарлы сөйлесім түрінде келеді. «**Ақ боз үй**» романында дәл осындай функциядағы диалогтің тамаша үлгісі – кедей шаруа Шәріп пен оның әйелі Гүлжаһанның тұрмыстық тұрғыдағы айтысы. Шәріп жаңа үкіметтің ауылнайы (ауыл советі) болып сайланған, бірақ үй-іші әлі кедей күйінде. Бір таңертеңгі шай үстінде Шәріп қызынан бай ауылынан қант сұрап әкелуді талап етеді. Сол сәттегі ерлі-зайыптылар диалогі жай тұрмыстық керіс болып көрінгенімен, астарында үлкен қоғамдық мағына жатыр. Шәріп: «Гүлжан! Бар! – Бар, Пахраддиннің үйінен бір шақпақ қант сұрап әкел! Ертең базаршылар келгесін береміз», – деп бұйырады. Әйелі мұны естіп қатты наразыланады: «Бармайды! ... Ауылнай болдым деп етік тігуді сен арланғанда, ауылнайдың қатыны боп үй арасында шекер сұрауға біз де арланамыз. Бармайды», – деп бір-ақ кеседі. Бұл репликалар арқылы автор жаңа заман орнаса да, кедейдің психологиясы өзгермегенін, намысқойлығы барын көрсетеді. Одан әрі диалог шиеленіседі. Шәріп ашуланып: «Кедей болған соң сұраймыз да! Кедей болмасақ, бізді кім қолдар еді?» – деп шаңқ ете қалады. Әйелі одан да қатты уытты сөзбен қайтарады: «Жарылқазаны сонда анау бір мөр ме? ... Әкім болдым деп сен жүрсің шелтеңдеп. Кәсібіңді тастап. Қара су ішіп біз отырмыз. Байымыз мөр ұстады деп мәз болып. Сол мөріңді тістеп іш, ендеше, қанттың орнына!» – деп күйінеді. Осы диалогті оқығанда, 1930-жылдардағы жаңа өкіметтің шын жағдайы, әлеуметтік теңсіздік мәселесі айқын көзге түседі. Автор ешбір деректеме не баяндау арқылы емес, қарапайым кейіпкерлердің өзара сөз қақтығысы арқылы дәуір шындығын ашып отыр. Яғни, бұл диалогтің **мағына қалыптастырушы** қызметі алдыңғы кезекке шыққан: күнделікті тұрмыс диалогі қоғамдағы үлкен қайшылықтың символына айналады. Сол секілді «**Қызыл жебе**» романындағы Бронников пен Приходьконың дін жайлы диалогі де терең мағыналық жүк көтереді. Бір жағынан, бұл екеуі жай ғана діни кітап туралы таласып тұрған сияқты. Ал астарына үңілсек, отаршыл билік пен езілген бұқараның дүниетаным қайшылығы көрінеді: бірі – шіркеу қолдаған патшаны «қасиетті» санайды, екіншісі – халыққа бостандық эпери жолында патшаға қарсы шыққан. Екеуінің диалогі арқылы жазушы дәуір идеологиясын қақтығыстырады, діни сенімнің саясатпен астасуын меңзейді. Бронниковтың «Евангелие – Библияның жаңарған нұсқасы» деп кекетуі (Яғни, патша билігі сіздерге қандай қасиетті болса, маған бәрібір деген ишара) – авторлық позицияға жақын тұжырым. Осы тұрғыдан келгенде, көркем шығармадағы маңызды идеялар көбіне кейіпкерлер диалогі арқылы беріледі деген қорытынды жасауға болады. Диалогтің мағына түзуші әлеуетін орыс зерттеушісі А.О. Сошников та атап көрсеткен: ол диалогизация «**көркем баяндаудың рематикасын күшейтіп, мәтінде семантикалық кеңістік туындататынын**» жазады. Біздің зерттеу материалдарымыздағы диалогтер де дәл солай,

мәтіндегі көпқабатты мағынаның шоғырлану нүктелеріне айналады. Жоғарыда келтірілген мысалдар **диалог формаларының үш негізгі функциясын** нақтылап берді: **қатысымдық** қызмет – оқырманға ақпарат жеткізіп, оқиғаны өрбіту; **психологиялық** қызмет – кейіпкерлердің мінезін, қарым-қатынасын, эмоциясын көрсету; **мағыналық** қызмет – шығарма идеясына қатысты астар, философия, символдық мән қалыптастыру. Екі шығармада да бұл үш функцияның барлығы ұштасып, диалогтерді көркем шығарманың ажырамас бөлігі етіп тұр. Алайда әр шығарманың жанрлық-мазмұндық ерекшеліктеріне сай белгілі бір функция басымдау байқалады. Мысалы, «Қызыл жебеде» тарихи тұлғалар, саяси-әлеуметтік оқиғалар көп болғандықтан, диалогтердің коммуникативтік-ақпараттық жүгі басым: жазушы оқырманға қажетті деректерді, заман көріністерін диалог арқылы жеткізеді. Ал «Ақ боз үй» психологиялық-әлеуметтік роман болғандықтан, кейіпкерлердің жан драмасын көрсетуге арналған диалогтер саны көп, демек психологиялық функция жетекші орында деуге болады. Сонымен бірге, екі шығарманың екеуінде де диалогтік сөйлесімдер негізгі тақырыптық-идеялық мәнді айқындауға белсене қатысады. Бұл – диалогтің мағына қалыптастырушы қызметі әмбебап түрде маңызды екенін көрсетеді.

Алынған нәтижелерді отандық және шетелдік зерттеулердегі тұжырымдармен салыстырып, ғылыми контекстке орналастырсақ, бірнеше өзектес бағыттарды байқауға болады. Ең алдымен, біздің үш түрлі функционалдық талдауымыз М.М. Бахтиннің **диалогизм теориясымен** үндеседі. Бахтин көркем шығармадағы сөз өнерін түбегейлі диалогтік құбылыс деп санап, «романдағы диалог – композицияның да, идеяның да түп қазығы, өйткені диалог арқылы адам өзі болып қалыптасады» деген тұжырым жасаған. Біздің зерттеу барысында анықталған мағына қалыптастырушы (семантикалық) рөл – дәл Бахтин атап көрсеткен «шығарма идеясының диалог арқылы түзілуі» қағидатын нақты деректермен қуаттайды. Шәріп пен әйелінің жоғарыдағы диалогі – диалогизмнің қарапайым мысалы: бір-біріне қарама-қарсы екі дауыс (пікір) арқылы автор үшінші бір астарлы ақиқатты шығарып отыр. Бұл тұрғыда біздің нәтижеміз Бахтиннің «полифония» (көпдауыстылық) теориясын қазақ прозасы материалында растай түседі.

